



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Салтанатты шара

ЕСЕЛІ ЕҢБЕККЕ ЛАЙЫҚТЫ БАҒА

Жексенбіде «Достық үйінде» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев республикалық референдумды жоғары деңгейде ұйымдастыруға үлес қосқан азаматтарды арнайы марапаттады. Олардың қатарында құқық қорғау органдарының өкілдері, басқарма басшылары, сондай-ақ қала және аудан әкімдері бар. Салтанатты шарада ел игілігі жолында елеулі еңбек еткен азаматтарға Президенттің Алғыс хаты мен «Барыс» төсбелгісі табысталып, олардың қызметіне жоғары баға берілді.



Жақында ғана Елордада өткен салтанатты шарада Президентіміз Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталып, Ата Заңымыздың мән-мазмұнын жұртқа кеңінен түсіндіріп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген Жалпыұлттық коалиция мүшелері мен азаматтарға алғысын білдірді. Тарихи маңызды шарада еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заң мен тәртіпті нығайтуға елеулі үлес қосқан тұлғалар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың арасында сырбойылық жерлестеріміз бар екенін зор мақтанышпен атап өтуіміз қажет. Бүгін міне, республикалық референдумды жоғары деңгейде өткізуге атсалысқан жерлестерімізге Президентіміздің Алғыс хаты мен «Барыс» төсбелгісін табыстаудамыз. Бұл – Мемлекет басшымыздың Сыр өңірі халқына ыстық ықыласы, жерлестеріміздің еңбекқорлығы мен ұйымшылдығына берген лайықты бағасы. Ерекше қолдау бізді жаңа жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді. Ұлттық

жаңыруымыздың жаңа кезеңіндегі референдумды өткізуге белсене қатысқандарыңыз үшін баршаңызға шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Салтанатты шарада марапаттау рәсімінде аудан әкімі Ардақ Ибраимов Президенттің Алғыс хаты және «Барыс» төсбелгісімен наградалды. Сонымен қатар аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасұлан Еспенбет, сондай-ақ аудандық аурухана бас дәрігерінің орынбасары Индира Орынбасарова Президенттің Алғыс хатымен марапатталды. Бұл марапат – өңір азаматтарының елдік маңызды бастамаларға қосқан сұбегі үлесінің нақты көрінісі. Мұндай жоғары бағалау алдағы уақытта да ортақ іске жұмыла еңбек етіп, жаңа белестерді бағындыруға серпін беретіні сөзсіз. Сонымен бірге жиында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, облыс прокуроры Ризабек Қаримұлы және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Сейтқалиұлы елдік мәні зор бастама тәңірегінде ойларын ортаға салды. Айта кетейік, Конституцияға енгізілген өзгерістерге байланысты өткен референдумда Қызылорда облысы тұрғындарының 93,04 пайызы дауыс беріп, республика бойынша бірінші орынға шыққаны белгілі. Ал ел көлемінде бұл маңызды саяси науқанға қатысқан азаматтардың үлесі 73,24 пайызды құрады. Орталық референдум комиссиясы мәліметіне сәйкес, сағат 20:00-дегі жағдай бойынша 9 126 850 азамат өз таңдауын жасаған. Сондай-ақ облыс көлемінде 378 референдум учаскесі жұмыс істесе, аудан аумағында 23 учаске өз қызметін атқарды. Бұл науқанда қазыналы қариялардан көмелетке енді қадам басқан жастарға

дейін бір мақсатқа жұмыла білді. Елдік мүдде жолында аудан тұрғындары ұйымшылдық пен бірліктің жарқын үлгісін көрсетіп, жоғары азаматтық жауапкершілік танытты. Осылайша ел көлемінде жоғары ұйымдастырылған маңызды саяси науқан ауданымызда да өз деңгейінде өтіп, жұрттың белсенділігі мен бірлігі айқын көрініс тапты. Тұрғындар ел болашағына бейжай қарамай, ортақ іске жауапкершілікпен қарайтынын тағы бір мәрте айқындады.

Жалпы Қазақстан бойынша өткен референдум елдің саяси дамуы мен құқықтық жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам болды. Азаматтар жаңа Конституциялық өзгерістерге қатысты өз таңдауын жасап, ел болашағын айқындауға тікелей қатысты. Бұл науқан халықтың саяси белсенділігі арқаны және мемлекет ісіне деген жауапкершіліктің күшейгенін көрсетті.

Референдум қорытындысы қоғам мен билік арасындағы сенімді нығайтып, елдің алдағы даму бағытын нақтылай түсті. Осыған дейін Президент жаңа Ата Заңға және «Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Жаңартылған Конституция 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Ендігі уақытта 15 наурыз – Конституция күні ретінде мемлекеттік мереке деңгейінде ұлттық ауқымда атап өтіледі.

Қазақтың күші қашанда бірлікте екені тарихтың талай сындарлы сәттерінде дәлелденген. Үш жүздің басы қосылып, ел тағдыры таразыға түскенде де, ел болып еңсе тікеліп, Қазақстанның тәуелсіздік алуы кезеңінде жұрттың ынтымағы мен сенімі мемлекетіміздің іргесін бекемдеді. Бүгінгі таңда сол сабақтастық үзілмей, елдік маңызды шешімдерде халықтың бірлігі мен ортақ ұстанымы айқын көрініс табады. Бірлігі бекем елдің болашағы да баянды болары анық.

Гүлжан ЕСЖАН

Ел жаңалықтары

ҚОЙМАЛАРДАН СУ ЖІБЕРІЛУДЕ



Су ресурстары және ирригация министрлігі тасқын суын қабылдап, қауіпсіз өткізу үшін еліміздің солтүстік, батыс, шығыс және орталық өңірлеріндегі ірі су қоймаларынан су жіберіп жатыр. Министрлік осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар негізінде күнті кеше көрсеткіштерді жариялады.

Айта кетейік, Ақмола облысында «Сілеті» су қоймасынан секундны 16,74 текше метр, «Шағалалы» су қоймасынан 16,67 текше метр су жіберілуде. Ақтөбе облысындағы «Ақтөбе» су қоймасынан секундны 1 текше метр және «Қарғалы» су қоймасынан секундны 0,3 текше метр су жіберіліп жатыр. Бүгінгі таңда екі нысан орта есеппен 37 пайызға толды.

Шығыс Қазақстан облысындағы «Бұқтырма» су қоймасынан да секундны 315 текше метр, ал «Өскемен» су қоймасынан 421 текше метр су жіберілген. Абай облысында «Шұлбі» су қоймасынан секундны 661 текше метр су жіберілуде.

Батыс Қазақстан облысындағы «Киров» су қоймасынан секундны 6 текше метр және «Бітігі» су қоймасынан секундны 7 текше метрден, «Дөңгелек» және «Пятимар» су қоймаларынан секундны 2 текше метрден су жіберілген.

Қарағанды облысында «Ынтымақ» су қоймасынан секундны 3 текше метр, «Самарқанд» су қоймасынан секундны 3 текше метр су жіберілген. Қостанай облысындағы «Жоғарғы Тобыл» су қоймасынан секундны 1,1 текше метр және «Қаратомар» су қоймасынан секундны 3 текше метрден су жіберіліп жатыр. Солтүстік Қазақстан облысындағы «Сергеев» су қоймасынан да секундны 15,8 текше метр, «Петропавл» су қоймасынан 28,16 текше метр су жіберілуде.

Сараптама

ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?



Сурет ашық бейнебағдардан алынды

мезгілінде күндізгі уақытта жұқ көліктерінің қатынасына шектеу қойылмақ. Бұл транзиттің дамуына айтарлықтай кедергі келтіреді. Ал цемент-бетон жабындысы ауыр жүкке төзімді. Тіпті қызмет ету мерзімі 40 жылға дейін жетеді. Осы ретте транзитделіздерде жол жабындысын дұрыс таңдаған абзал.

Елімізде жол салумен қатар жол жөндеу жұмыстары да қарастырылған. Президент тапсырмасына сәйкес 2029 жылға дейін 10 мың шақырым жол орташа жөндеуден өтеді. Бүгінде оның 5 мың шақырымы жөндеуден өтті. Ал қалған бес мың шақырымы алдағы 3 жылдың еншісінде. Қазақстанда жол құрылысына қажетті материалдар жеткілікті. Бұл құрылыс жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтауға жол ашады.

Алдағы 3 жылда елімізде жол салуында 3 325 шақырымды құрайтын бірнеше жоба жүзеге асады. Оған 4,6 трлн теңге қажет. Бұл жобалар транзиттік әлеуетті арттырып, ел бюджетіне айтарлықтай кіріс түсіреді. Бұл бір жағынан елдегі өнеркәсіптің дамуына да жол ашады. Өйткені қажетті материалдардың 90 пайызға жуығы отандық өндірушілерден сатып алынады.

Ақылы жолдардан 87 млрд теңге табыс түскен

Бытыр маусымында елімізде 8 800 шақырым автожол барлық жұмыспен қамтылған. Быыл 8 900 шақырым жолға жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде 3 400 шақырымы құрылыс және қайта жаңғырту жобасына жатады. Мұнан бөлек 324 шақырым жол күрделі жөндеуден өтеді. 5 200 шақырым жол орташа жөндеуден өтсе, апаттық жағдайда тұрған 53 көпір жаңғыртылмақ. Бұл жұмыстарға 10 млн текше метр қиыршық тас, 210 мың тонна бетон, 230 текше метр темір бетон бұйымдары өзінделен. Сондай-ақ 12 мың техника, 25 мың жол маманы, 193 асфальт-бетон және бетон зауыты жұмылдырылады.

Жалғасы 2-бетте

АЗИЯ КУБОГЫНА ЖОЛДАМА АЛДЫ



Астана қаласында өткен баскетболдан 18 жасқа дейінгі қыздар арасындағы Орталық Азия аймағының іріктеу турнирінде Қазақстан құрамасы топ жарып. Жарыс Астанадағы «Sana Sport» спорт кешенінде ұйымдастырылды. Турнирге Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан ұлттық құрамалары қатысты. Тартысты бәсеке жоғары деңгейде өтті.

Жарыс қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 1-орынға ие болды. Екінші орын Өзбекстанға бұйырса, Қырғызстан командасы үздік үштікті түйіндеді.

Турнир жеңімпазы атанған Қазақстанның жас баскетболшылары 2026 жылдың қыркүйегінде Таиландта өтетін FIBA U18 Women's Asia Cup жарысына қатысу мүмкіндігіне ие болды. Бұл – жас спортшылар үшін үлкен халықаралық алаңға жол ашатын маңызды жетістік.

Астанада өткен іріктеу турнирі әйелдер баскетболы үшін маңызды оқиға ретінде бағаланды. Жарыс FIBA талаптарына толық сәйкес жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сондай-ақ ойынға қызмет көрсету үшін Корея мен Моңғолиядан халықаралық дәрежедегі төрешілер шақырылған. Бұл жарыстың сапасын арттырып қана қоймай, отандық төрешілер мен мамандар үшін де тәжірибе алаңына айналды.

Айта кетейік, мұндай халықаралық турнирлерді Қазақстанда өткізу жас спортшылардың шеберлігін арттыруға, жаттықтырушылар мен төрешілердің тәжірибе жинауына, елдегі әйелдер баскетболының дамуына және Қазақстанның халықаралық спорттағы беделін нығайтуға ықпал етеді. Елімізде осындай деңгейдегі жарыстардың өтуі спорт инфрақұрылымының дамығанын және халықаралық стандарттарға сай екенін көрсетеді.

«ЖЖ» ақпарат

Мемлекет соңғы жылдары жол сапасын жақсартуға ерекше қолдау көрсетуде. Әсіресе оңтүстік өңірлерде бұл бағытта атқарылған жұмыстар көңілден шығып отыр. Ал батыс және шығыс, солтүстік өңірлерде қандай жұмыстар атқарылуда? Жолаушылар оның жемісін көріп жүр ме? Жалпы ел аумағында қанша шақырым жол бар? Оның сапасы қалай? Бүгінгі сараптамалық мақалада осындай бірқатар сауалдың түйінін тәрқатамыз.

Бытыр 4 ірі жоба жүзеге асқан

Қазақстанда 95 мың шақырымды құрайтын автожол бар. Оның 25 мың шақырымы республикалық маңызға ие, яғни Көлік министрлігіне қарайды. Нормативтік жағдайы 94 пайызды құрайды. Мұнан бөлек 70 мың шақырым жол облыстық және аудандық маңызға ие. Нормативтік жағдайы – 91 пайыз.

Бүгінде елдегі республикалық маңыздағы жолдардың нормативтік жағдайы сол деңгейде сақталып отыр. Жергілікті жолдарға келсек, батыс өңірлерде бұл көрсеткіш төмен. Министрлік алдағы 3 жылда жергілікті жолдардың сапасын 5

есе жақсартпақ. Бұл жоспар жүзеге асса, 25 мың шақырым жолдың сапасын 90 пайызға дейін көтеруге жол ашылмақ.

Қазір министрліктің алдында негізгі 2 міндет тұр. Оның бірі өңірлерді байланыстыратын жолдардың сапасын жақсартуға негізделсе, келесі кезекте халықаралық транзитті дамыту күн тәртібінде тұр. Бытыр елде осы жол сапасына қатысты 4 ірі жоба жүзеге асты. Жалпы ұзындығы 2 мың шақырымды құрайды. Бұл жобалар көлік қатынасының артуына себеп болса, келесі кезекте үлкен жүктемемен жұмыс жасауға жол ашқан.

Министрлік алда өлі осындай ірі бірнеше жобаны жүзеге асыру күн

тәртібінде тұрғанын айтады. Мәселен, кейбір жолдарды 4 жолақты етуге басымдық берілуде. Олардың бірқатарының құрылысы биыл аяқталмақ. Дел осындай батыс өңірлерде де бірқатар ірі жобаның биыл құрылысы басталмақ. «Қызылорда-Ақтөбе» автожолы да елдегі ең маңызды дәліз қатарында. Бұл «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», Ресей және Орталық Азия бағыттарын қосатын арна десе де болады. Бұл жоба 3 учаскеге бөлінген. Оның ішінде «Ақтөбе-Ұлғайсын» мен «Сексеуіл-Қызылорда» учаскесінің құрылысы осы жылдың еншісінде. Келер жылы «Ұлғайсын-Сексеуіл» жобасы жұмысын бастайды. Үш учаскенің құрылыс жұмысы бір уақытта аяқталып, ел игілігіне берілмек.

10 мың шақырым жол орташа жөндеуден өтеді

Қазіргі таңда асфальт-бетон жабындысы 8 тонна дейінгі жүктемеге негізделген. Көп салмақтағы қозғалыс пен ыстыққа асфальт төзімсіз. Сондықтан жаз

ЖОЛДЫҢ ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Елімізде ақылы автожолдар сапасын жақсартуға да ерекше көңіл бөлінуде. Қазіргі таңда елімізде жалпы ұзындығы 4 900 шақырымды құрайтын 26 ақылы учаске бар. Биыл олардың саны 32-ге жетеді. Ақылы жолдарда ақау пайда болған жағдайда жүруге уақытша шектеу қойылады. Бүгінде 14 учаскеде жалпы көлемі 1 млн 100 шаршы метр ақау тіркелген. Жөндеу жұмыстары биылдан бастап қолға алынады.

Бытыр елдегі ақылы жолдардан ел қазынасына 87 млрд теңге кіріс түскен. Тісті қаражат сол жолдарды күтіп ұстауға бағытталған. Тарқатып айтсақ, 1 456 техника мен арнайы жабдықтар алынған. 354 мың шаршы метр жол жабындысына жөндеу жұмыстары жүргізілген. 240 мың шаршы метр көктайпаққа қарсы қажетті материалдар себілген.

Жол сапасын жақсартудан бөлек ондағы қауіпсіздік те қаперде болуы керек. Оның үстіне соңғы жылдары ақылы жолдардағы қозғалыс қарқыны 20 пайызға артқан. Бірақ жол-көлік оқиғалары 8 пайыз төмендеген. Бұған ауа райының қолайсыздығына орай алдын алу шаралары да оң әсер еткен. Әлі де жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында орташа жылдамдықты есептеу тетігі іске қосылды. Су тасқыны кезінде де жолдағы қауіпсіздік бір ізге түскен. Мәселен, 2024-2025 жылдары мыңнан астам су өткізу құбыры салынған. Нәтижесінде қауіпті учаскелер саны 2 есе азайған.

136 ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖӨНДЕЛЕДІ

2022-2025 жылдары аймақта 1 600 шақырым автомобиль жолы мен көшелерді, 30 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы қаралған. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайызға жетті. Биыл да жол инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 56 жобаға бюджеттен 37 млрд 845 млн теңге қаралған. Бұл қаржыға 136 шақырым жол мен көпір өткелдері жөндеуден өтеді.

Президент 2023 жылы Сыр өңіріне жұмыс сапарында Қызылорда қаласынан Ақтобеге дейінгі автомобиль жолын төртжолға ауыстырудың жобалау жұмыстарын жедел бастауды тапсырған болатын. Осы жұмысты қысқа мерзімде аяқтау үшін демеушілер есебінен 350 млн теңгеге техника-экономикалық негіздеме әзірленді. 487 шақырым жолға мемлекеттік сараптамадан оң қорытындысы алынды.

Жалпы жоба 2 кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңі – 26 шақырымдық Қызылорда қаласының айналма жолын салу. Екінші кезеңі – Қызылорда қаласынан бастап, Сырдария, Жалағаш, Қармақшы аудандарының сыртымен айналып өтіп, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізіне қосылатын 462 шақырым жол.

Автодәліз бойына жаңадан 11 көпір, 13 жол өткелі, 62 үй жануарларына арналған өткел мен 399 су өткізгіш құбыр салынады. Жолушылар мен жүргізушілерге арналған заманауи сервистік қызмет көрсететін пункттер бой көтерін,

шағын және орта бизнестің дамуына мүмкіндік туады. Автожолдың II санаттан I санатқа ауысуы көлік қатынасын елсіз жөндіретін, жүк тасымалының тиімділігін арттырмақ.

ЖАЛАҒАШТА ЖОЛ САПАСЫ ЖАҚСАРҒАН

Жалағаш ауданында да автожолдарды жақсарту жұмыстары қарқынды жүруде. Аудан аумағында 240 шақырымға жуық жол бар. Оның басым бөлігі аудандық маңызға ие. Қазір аудандық маңызға жолдың 94 пайызы жақсы күйде. Оған Үкімет пен облыс әкімдігінің инфрақұрылымға деген қолдауы басты себеп болып отыр.

Бүгінде ауданда 223 ішкі көше бар. Жалпы ұзындығы 243 шақырымды құрайды. Ал бытыр жол саласын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 2 млрд

Аудан орталығындағы көшелердің сапасы да басты назарда. Бытыр кент ішіндегі 11 көше жөндеуден өткен. Бұған қоса, ауыл ішіндегі көшелерді жанарту, қайта асфальт төсеу сияқты құрылыстар да тоқтамаған. Айталық, М.Шәменов ауылындағы Жамбыл, Ердузелова көшелері қайта жаңартып, Қаракеткен және Далдабай ауылындағы 16 көше күрделі жөндеуден өткен. Шалғайдағы Аққыр елді мекенінің көшелерін жөндеу биыл да жалғасуда. Бытыр Аққыр, Н.Таспеннов көшелері асфальтталған болатын. Жол сапасын жақсарту жұмыстары Жалағашта биыл да жалғасады. Қазір аудандағы жол саласы бойынша барлығы 3 млрд 416,7 млн теңге болатын 13 жобаға бюджеттік отінім жолданған.

Алдағы жылдары да елімізде жол құрылысы



теңге қаралған. 2,3 шақырымдық аудандық маңызға «Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Беркімбай көлі» автожолын күрделі жөндеуге облыстық бюджеттен 168,2 млн теңге қаралды. Қазір жол пайдалануға берілген. Сондай-ақ құны 403 млн теңгеден асатын Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысы да қарқын алып, бүгінде ел игілігін көреді. Бұл жұмыстарға 2024 жылы республикалық бюджеттен 50 млн теңге қаралып, 2 көшеге асфальт төселген болатын. Бытыр осы жобаны аяқтауға ел қазынасынан 294,3 млн, облыстық бюджеттен 38,2 млн теңге қаралып, құрылыс мерзімінде толық аяқталды.

толастамайды. Бұл әлі де жол саласында мәселе барын айта алмайды. Бастысы, жол құрылысында сапаға мән берілген дұрыс. Сонда ғана бір учаскеге айналып соқпаймыз. Ал жол құрылысына қажетті материалдар отандық тауар өндірушілерден алу – құптарлық бастама. Бұл шығысты азайтып, тек жол саласына ғана емес, елдегі өнеркәсіп сияқты басқа да салаларда серпін қалыптастыруға жол ашады.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



26-27 наурыз аралығында Астана қаласында өткен бастауыш сынып мұғалімдерінің республикалық математикалық олимпиадасы өтті. Білім бәйгесін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен «Зерделі» ақыл-ойды дамыту мектептер желісі ұйымдастырған. Үш кезеңнен тұратын олимпиаданың мақсаты – мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру, педагогикалық шеберлігін дамыту және мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру. Білім додасының нәтижесінде Бұқарбай ауылындағы №33 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Құралай Галымқызы топ жарып, I орынға ие болды.

ҚҰРАЛАЙДЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

26-27 наурыз аралығында Астана қаласында өткен бастауыш сынып мұғалімдерінің республикалық математикалық олимпиадасы өтті. Білім бәйгесін «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы мен «Зерделі» ақыл-ойды дамыту мектептер желісі ұйымдастырған. Үш кезеңнен тұратын олимпиаданың мақсаты – мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін арттыру, педагогикалық шеберлігін дамыту және мұғалім мамандығының мәртебесін көтеру. Білім додасының нәтижесінде Бұқарбай ауылындағы №33 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Құралай Галымқызы топ жарып, I орынға ие болды.

Ол үш жылдық еңбек өтілі бар кейіпкеріміз бұл олимпиадаға биыл үшінші мәрте қатысып отыр. Алғашқы жылы аудандық кезеңнен жоғары нәтиже көрсеткенімен, облыстық кезеңде 2-орынға тұрақтапты. Ал үшінші рет бағын сынаған биылғы долада ауданнан алға шығып, облыстан оза шауып, республикалық кезеңде I-орын иеленіп, зор жетістікке қол жеткізді. Бұл – үш жылдық табанды еңбектің, үздіксіз ізденістің жемісі.

– Осы үш жыл мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Әр кезең сайын өз кемшілігімізді саралап, соны түзетуге тырыстым. Алдымда бір ғана мақсат тұрды, республикалық кезеңде топ жару. Бүгін сол еңбегімнің жемісін көріп отырмын, – дейді ол.

Білім бәсекесінің шарты бойынша I-тур жеке елді форматта өтті. Бұл кезеңде еліміздің 20 өңірінен жиналған 160 мұғалім өз білімдері мен біліктіліктерін сарапта салды. 2-тур командалық сипатта ұйымдастырылды. Бұл кезеңде де Қызылорда облысының құрамасы ұйымшылдық пен жоғары жауапкершіліктің үлгісін көрсетті. Қатысушылар логикалық есептерді бірлесіп шешіп, әрқайсысы өз үлесін қосты. Әр мұғалімге 22 есеп ұсынылып, оның 10-ы – таңдау тесті, 10-ы – дұрыс жауапты табуға бағытталған тапсырма, мұнан бөлек 2 есептің толық шығару жолын дәлелдеу талап етілді. Бұл кезеңнің басты талабы – шапшаңдық пен дәлдік. Кейіпкеріміздің айтуынша, әр турда 8 есепке небәрі 5 минут уақыт берілген. Осындай қысқа мерзім ішінде кім тез әрі дұрыс шешім қабылдай алса, сол команда финалға жолдама алады.

Иә, бастауыш сынып мұғалімі болу – бір жағынан үлкен бақыт, бір жағынан зор жауапкершілік жүктететін мамандық. Расында бастауыш кезең тек білім беріп қана қоймайды, баланың өмірге деген алғашқы көзқарасын, мінезін, бойдағы құндылықтарын қалыптастырады. Әр әріпті үйрету, алғаш қалам ұстатып жазуға баулу, баланың «Мен білемін!» деп шаттанған сәтін көру – мұғалім үшін ең үлкен қуанышты сәт. Ол балалардың шынайы күлкісі мен сөйлемі осы мамандықтың ең әсерлі тұстарының бірі екенін де жасырмайды. Сонымен қатар бұл мамандықтың жауапкершілігі де жеңіл емес. Сабаққа дайындық, құжат жұмыстары, ата-анамен байланыс, әр баланың жеке қабілетін ескеру, мұның бәрі үлкен еңбекті талап етеді. Әсіресе әр оқушының жүрегіне жол табу – ең маңызды әрі күрделі міндеттің бірі. Бірақ осының бәрін махаббатпен, мейіріммен атқарғанда шаршау да сезілмей қалатын көрінеді. «Кейде өзіміз де көңілі кіршіксіз болғандай болып кетеміз» дейді ұлағатты ұстаз.

Білім іргетасының бастауыштан қаланатыны белгілі, сондықтан бұл бәйгесінің маңызы айрықша. Алғашында «ПедСтарт» атауымен бастау алған игі бастама бүгінде еліміз бойынша бәсі биік, бесделі жоғары білім додасына айналды.

– «Алтын тұғыр» олимпиадасы өте жоғары деңгейде, мазмұнды әрі тартасты өтті. Бұл дода – бастауыш сынып мұғалімдерінің мәртебесін арттыруға бірегей байқау. Республиканың түкпір-түкпірін «мен мықтым» деген ұстаздар жиналып, өзара бақ сынады. 160 мұғалімнің тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі, білімі сыңа түскен үлкен алаңда топ жарып, жүлдегер атану мен үшін зор жауапкершілік, ерекше қуаныш пен толқынсыз сыйлауы. Ол жердің атмосферасының өзі өзгеше әсерге бөледі. Жалпы олимпиада жоғары деңгейде ұйымдастырылып, үлкен әсер қалдырды. Ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Мұндай байқаулар мұғалімдерді шабыттандырып қана қоймай, үздіксіз ізденуге, өзін-өзі дамытуға және жаңа белестерді бағындыруға жол ашады, – дейді Құралай Мамзаева.

Қысқа уақыт ішінде үлкен жетістіктерге қол жеткізген ұстаздың еңбегі ерекше. Жас балсақ дегендей толысып, кәсіби деңгейі қалыптасқан маман ретінде танылып үлгерді. Облыстық және республикалық деңгейдегі марапаттар – соның дәлелі. «Үздік педагог» төсбелгісін иеленіп, білім беру саласына қосқан үлесі үшін Қызылорда облысы әкімі орынбасарының алғыс хатымен марапатталған. Биыл республикалық қаржы резервіне қабылдануы ұстаз еңбегіне берілген жоғары баға іспетті. Тыннсыз төккен тердің нәтижесінде Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хаты, облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасы және облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасы да марапаттарының арасында бой көрсетіп тұр.

Білім мен тәрбиені қатар алып жүрген білікті ұстаздың шәкірттері де жетістіктерімен көзге түседі. Олар «Зерделі» ғылыми жобалар байқауы және «Бастау» логикалық олимпиадаларының жеңімпазы атанып, «MAD BRAIN» жобасы бойынша математика пәнінен республикалық жарыста жүлделі орындарды иеленді. Сонымен қатар «Табыс баспадағы» атты «Дар ұчителя» халықаралық білім беру сайты ұйымдастырған байқауларда да жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

Педагогтың озық іс-тәжірибелері де назардан тыс қалған емес. Оның әдістемелік еңбектері республикалық жинақтарда жарияланып, кәсіби қауымдастық тарапынан жоғары бағасын алған. Соның бір дәлелі – «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы, облыс бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты шығарған «Әдістемелік сабақ негізі – ізденіс, шеберлік, шығармашылық» атты жинақта сабағының жариялануы.

Құралай Галымқызы – тек шәкірт тәрбиелеп қана қоймай, өз тәжірибесін ел игілігіне ұсынып, білім кеңістігінің дамуына үлес қосып келе жатқан білікті педагог. Осындай ізденімпаз, жанашыл ұстаздың еңбегі – білім сапасының артуына бастар берік негіз.

Гүлжан ЕСЖАН

Байқау

САЛТ-ДӘСТҮР ДӘРІПТЕЛГЕН ДОДА

«Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының «Ұлттық мұра» партиялық жобасы аясында «Бұқарбай батыр ауылдық округі» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен «Сырлы жеңге – сұлу қыз» атты сайыс өтті. Шараның мақсаты – отбасы құндылықтарын дәріптеу, жеңге мен қайың сәтін арасындағы сыйластық пен татулықты нығайтып, ұлттық салт-дәстүрлерді кенінен насихаттау.

Сайыста қатысушылар өзара бақ сынап, жеңге мен қайың сәтін арасындағы үйлесімділік пен жарасымды қарым-қатынасты көрсетті. Олар байқау шартына сәйкес, 4 кезең бойынша сыңа түсті. Қатысушыларға «Аманат» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева, Ақсу ауылдық аналар кеңесінің төрайымы Құлдаш Тоқпанбетова мен аудандық оқушылар үйінің әдіскері Перизат Іздібаева төрелік етті.

Сайыс шымылдығы қатысушылардың таныстыруымен түрді. Кезек-кезек ортаға шыққан олар өздерін таныстырып, жетістіктері мен жоспарларын тілге тиек етті. Алғашқы болып сахнаға шыққан Гаухар Жұмабаева мен Нұрбақыт Дәдікбай өздерін «Екі жүрек – бір әулет» тобы деп таныстырды. Ал Сымбат Әбдісәдүкқызы мен Жазира Сабырқызының тобы «Шырайлы шаңырақ» деп аталды. Сахнаға соңғы болып шыққан «Сыйластық сыры» тобында Ақмаржан Әскербекова мен Айзере Тәжібай өнер көрсетті.

Мұнан кейінгі II кезең «Өнерлі өрге жүзер» деп аталды. Бұл кезеңде қатысушылар өз өнерін ортаға салып, көпшіліктің қошеметіне ие болды. Мәселен, Гаухар Жұмабаева мен Нұрбақыт Дәдікбай әйгілі сері Ақан Қорамсаұлының ең мұңды туындыларының бірі «Балқадияш» әнін орындап, қойылым арқылы көрермен жүрегіне жол тапты. Ал «Шырайлы шаңырақ» тобының мүшелері Сымбат пен Жазира өз қолдарынан шыққан қолөнер бұйымын ұсынды.

– Біз бұл кезеңге қолөнер бұйымын жасадық. Қайың сәтін Жазира екеуіміздің таңдауымыз қазақ қызығатын тереуішке түсті. Бұл – ұлттық нақышты айқындайтын әсем әшекей. Аталған бұйымды кез келген киіммен, яғни көйлек, қамзолдың кеуде тұсына үйлестіріп тағуға болады. Өте нәзік әрі сәнді болып тұрады, – дейді Сымбат Әбдісәдүкқызы.

Иә, қатысушылардың жасаған этно стильдегі тереуіштері бірінен бірі өтеді. Соңғы жылдары сәнге айналған бұйымда ұлттық нақыш пен заманауи стиль үйлесім тапқан. Кез келген киімге ерекше сән беретін бұйымда түрлі ой бейнеленген.

Жап-жасыл шыбық талдағы, Орманның жасыл шекпеліні. Қуанта бірақ алмады, Сонау бір үйді шеттегі, Соғыстың соңғы көктемі... Айзере Тәжібай Мұқағали Мақатаевтың «Соғыстың соңғы көктемі» өлеңімен бұл кезеңді осылай өлеңдетіп бастады. Ал жегісі

Ақмаржан Әскербекова «1941. Ақпан» өлеңін жатқа оқыды.

Сайыстың үшінші кезеңі «Шебер қол – өнерлі жан» деп аталды. Байқаудың бұл бөлімінде қатысушылар өз қолынан шыққан төл туындыларын қазылар алқасына ұсынып, ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдарды дайындады. Мәселен, Гаухар мен Нұрбақыт бұл кезеңде үйлерінен қазықты ұлттық тағамы бауырсақ пен табанан дайындап әкелсе, Сымбат пен Жазира «Сырлы жеңге – сұлу қыз» жазуымен вушни-пай тортын әзірлеген. Ал Ақмаржан мен Айзере қазылар алқасына қарынбұрме тағамын ұсынды. Ақмаржан бұл тағамды үлкен абысынанан жасалу жолын сұрап алып, алғаш рет дайындағанын айтады.

Қазақтың ұлттық тағамы «қарынбұрме» аты айтып тұрғандай, қарында дайындалады. Бұл тағам – кесектеп туралған етті өзінің майы мен сөліне бұқтыру арқылы жасалады. Етті суыған соң тоңазытқышқа қойып, көбіне сапарға шыққан жолшыға жолаздық ретінде ұсынылған. Басқа өңірлерде бұл тағамды «бөртпе», «көмбе», «қарын бөртпе» деп те атайды.

Сайыс «Кім жылдам?» кезеңімен қорытындыланды. Бұл кезеңде сайыскерлер бірлесіп жұмыс жасай отырып, пазл арқылы сурет құрастырды. Сондай-ақ суретті ұлттық құндылық тұрғысынан сипаттап, қазылар алқасы ұсынған сұраққа жауап берді.

– Бүгін Бұқарбай батыр ауылында «Сырлы жеңге – сұлу қыз» атты тағалымы мол шара өтті. Қатысушылардың барлығы өте жоғары деңгейде өз өнерін көрсетті. Ұлттық салт-дәстүрімізді ұлықтап, ұмыт бола бастағанын қайта жандандырып, болашақ ұрпаққа жеткізу – бүгінгі жастардың міндеті. Осындай игі шаралар алдағы уақытта да дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады. Бүгін бір-біріне сырлас болған жеңге мен қайың сәтін арасындағы сыйластық пен бауырмалдықтың күәсі болдық. Қатысушылардың әрқайсысы өз өнерлерін жоғары деңгейде көрсетіп, ұлттық болмысты дәріптеуге зор үлес қосты, – дейді «Аманат» партиясының аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Шонмұрынқызы.

Расында қаймағы бұзылмаған қазақ дәстүрінде жеңге мен қайың сәтін арасында ерекше қарым-қатынас орнаған. Бұл сөзімізді қайың сәтін сырласындай, қайыңсын құрдасындай көрген жаны жайсаң жеңгелеріміз қуаттай түспек.

Сайыс соңында қазылар алқасының

шешімімен жүлделі I орынды «Екі жүрек – бір әулет» тобы иеленді. Ал «Шырайлы шаңырақ» тобы II орынға лайық деп танылды. Сондай-ақ «Сыйластық сыры» тобы III орынмен марапатталды. Қатысушыларға «Аманат» партиясы Жалағаш аудандық филиалының төрағасы атынан алғыс хат пен арнайы сый-сияпаттар табысталды. Осындай мазмұнды шаралар арқылы ұлттық тәрбиенің маңызы артып, өскелең ұрпаққа өнеге боларлық құндылықтар кенінен насихаттала бермек.

Сезім НҮР



Тарих

АМЕРИКАДАҒЫ ҚАЗАҚ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының басында өз ойын бүкпей жазатын «Лениншіл жас», қазіргі «Жас Алаш» газетінен «Америкадағы қазақ» деген мақаланы оқығаным. Сол мақаланы өзіме сақтап алмағаным бүгінде әлі өкінімін. Онда АҚШ-қа ресми сапармен барған Кеңес одағының делегациялары құрамында болған қазақ азаматының, жазушы ма, ғалым ба есімде жоқ, сол жаққа соғыс салған тағдырдың тауқыметімен кетіп, өмір сүріп жатқан соғыс тұтқындары, қандасмыз жайлы жазылған. Ол уақытта республикалық айтулы басылымдарда мұндай мақалалардың жарық көруі, оны оқырманға баындау ерлікпен тең. Арада қаншама уақыт өтсе де, бұл мақала әлі күнге дейін есімде сақтаулы.



«Біз Нью-Йорк қаласына ұшақпен жеттік, қонақ үйге орналастырды. Делегация құрамында жазушылар, ғалымдар, өнер қайраткерлері бар. Алдын ала белгіленген жоспарға сәйкес, делегация мүшелері өз саласы бойынша елдің жоғары оқу орындарын, ғылыми орталықтарын аралап танысуға кірісті. Арамызда бейресми бізді бақылаушы орындардың кісілері болды. Сондай кездесудің бірі Нью-Йорктегі ұлттық кітапханада өтті. Кітапхананың библиография бөліміне кіргенде жасы егде тартқан, түрі қазаққа ұқсайтын бір кісі көзіме оттай басылып, ауылдағы бір туысканымды көргендей болды. Ол да топтың ішінен маған қарап барады.

Бізге ескертілген тәртіп бойынша кез келген адаммен сөйлесу, пікір алмасуға болмайды. Оқыс қимылдардың барлығы бақылауда болды. Топ басшысы арқылы сұрағымызға аудармашы арқылы жауап алатынбыз. Мен тәуекелге барып, қасымдағы орыс жолаушымен бұл адамның қандай ұлт екен біліп беруді сұрадым. Ол кезде әр сөздің артында жауабы мен сұрауы болатын.

Бұл жақта оқыған, мемлекеттік қызметке араласып жүрген азиялықтар көп қой, үндістер де бар, мүмкін солардың бірі болар, – деді.

Арада екі күн өткеннен кейін ұлттық кітапхананың жұмысымен танысуға тағы да келдік. Топ басшысымен рұқсат сұрап, әлгі кісімен танысудың сәті түсті. Топ басшысы да менің кеуілімді қимай, тәуекелге барды. Танысудың төркіні не жағдайда болатынын басшымызға хабарлау еттім.

Көп сұрақ қойма, өзін сөйлеп, көп нәрсені білуге тырыс, – деді.

Кітапхана бастығынан рұқсат алып, аудармашы екеуіміз бейтаныс азаматқа бардық. Ол да хабардар болуы керек, бізді орынан тұрып, көз қолдап ағылшын тілінде амандасты. Біз де танысу мақсатымызды айттық.

Мен қырғызбын, соғыстан бұрын Фрунзедегі педагогикалық институтты бітіріп, жұмыс істедім. Соғыс басталғанда әскерге алынып, Смоленск түбінде қатты жараланып, тұтқынға түстім. Алғашқы жылдары Украина, Польша, тағы басқа да жерлердің концлагерінде тұтқын-дар лагерінде жатқанымызда бізді америка солдаттары босатты. Үш жыл бойы азыптың қияметін көріп жатқан біз бұл күнге жетпей кеткен миллиондаған тұтқынның ішінен тірі қалғанымызға қуандық.

Америкалық солдаттар бізді шағын қалашыққа айдап алып келіп, мыңдаған адамды моншаға

түсіріп, үстімізге ақ түсті таза киім беріп, алдын ала дайындалған орман арасындағы ақ жабылғанмен жабылған жайлы төсекке орналастырды. Ашығын өлу халіне жеткен тұтқындарға әдепкі кезде үш, кейін төрт мезгіл тамақ беріп, екі ай бақты. Жұмыс жоқ, апта сайын монша, киіміміз бен төсек орнымыз жаңартылады. Ескі киім-кешек пен төсек орынды біздің көзімізге арнаулы пеште өртеді. Түнімен «Америка – бай, қуатты ел, оның адамдары бай тұрады, кедейшілік жоқ» деп «Америка өмірі» деген киноларды көрсетеді. Бір уайым қайғысы жоқ ел, өлең айту, билеу, көңіл көтеру сияқты ғажайып өмірді көрсету болды. Адамдары әртүрлі нәсілді, ағы, қарасы, сарысы, бәрі тең құқылы, азаматтардың бас бостандығы тек қана Америкада деуден жалқыпайды. Осылай өмір сүріп жатқанымызда, бір күні бәрімізді қатарға тұрғызып, радио арқылы «Біз америкалықпыз, өздерің көріп, күз болып жатқандай, бай еліміз, егер сендер осылай өмір сүргілерің келсе, Америкаға келуіңеріңе болады» деп айтқызды.

Тамағын кернеп, ол әңгімесін әрі жалдады. «Неміс фашизмі жеңілді, біз жеңдік! Ал сендер, немістерге беріліп, тұтқынға түскендер, елдеріңе қайтсаңдар, алдарыңда өздерің көрген Сібірдің қақпағын суығының концлагері күтіп тұр. Онда жаза ауыр, көсемдерің Сталиннің «Опасызға Отанда орын жоқ!» деген сөзін естеріңнен шығармандар. Сендерді елдеріңде өлім күтуде. Ойлануға бір тәулік уақыт береміз» деп хабарлады.

Бұл хабарландыру үнемі қайталанып тұрды. Біз қатты қиналды, бір тәулік тағдырымыздың шешуші уақыты болды. Жанымыз күйзеліп, қиналды, қолдан келер шара жоқ, ертеніне сапқа тұрдық, тағы да кешегі талап айтылып жатты. Сонымен «одаққа қайтамыз дегендер оң қалам алға шықсын, орнында қалғандар Америкаға аттанады» деп біздің тағдырымызға нүкте қойды. Алға шақырғандарды тобымен шығысқа, орнында қалған бізді батысқа айдады. Біз елге қайтуға қорықтық. Сол түнде америкалық солдаттардың айдауымен кемеге тиеліп, Америкаға жол тарттық. Содан бері осы елдемің, америкалық қызға үйлендім, жоғары білімді азамат екенім ескеріліп, осы кітапханаға қатардағы қызметке алынып, қазір библиография бөлімінің, шығыс әдебиеттері бөлімінің меңгерушісімін, тұрмысым орта, американиста деуге болады, – деп бейтаныс кісі сөзін аяқтады.

– Өзің қай ұлттың баласысың? – деді ол.

– Қазақпын.

– Оо, мұнда қазақтар бар, егер танысқын келсе, қатысып тұратын екі қазақ азаматымен таныстыруға болады, – деді.

Мен одан әрі ештеңе сұрағаным жоқ, не де болса тәуекелге бел буып, делегация басышынан солармен кездесуіме көмектесуді сұрадым. Ол уәдесінде тұрды. Мен қырғызға ғажайып жатқандай, бай еліміз, егер сендер осылай өмір сүргілерің келсе, Америкаға келуіңеріңе болады» деп айтқызды.

Оның фабрикадағы жұмыстан шығып келе жатқан бойы екен. Оған да өз жағынан біз туралы хабарлап кеткен болар, маған орта бойлы, мығым денелі жігіт ағасы, қысық көзінде қорқыныштың ұрейі бар кісі тосырқап, тіл қатпай, аудармашының сөзінен кейін аузын жыбырлатып, сактықпен «Не мақсатпен келдіңіздер?» деп сұрады. Мен Кеңес одағының делегация құрамында Қазақстаннан келгенімді, осында қырғыз кісімен кездесіп, қазақтардың да бар екенін естіп, өзімен кездесіп, хал-жағдай білуге келгенімді айттым. Ол түрлі өзгертіп, маған сезіктене қарап: – Бізде не жағдай бар дейсің, үйге барып сөйлесейік, – деді.

Біз орталықтан шеткі орта америкалықтар тұратын аудандық қомақатты үйлердің орта деңгейдегі қандасмыздың үйіне келдік. Жолда келе жатып әйелі неміс екенін, аспаз болып жұмыс істейтінін білдім. Бүгін біздің келетінімізді біліп, жұмыстан сұранып, қонақ күтуге дайындалып жатқанын айтты. Бізді ат жақты, көгілдір көзінен мейірім шуағы шығырап тұрған әйел қарсы алды. Ол да біз жайлы, біздің ел туралы хабардар болуы керек, еріндей емес, ақжарқын әйелді көргенде, біз де ауылға келгендей, нағыз жемгізді көргендей болдық.

Тап-тұйнақтай америкалық отбасы, оның үстіне тәртіп пен тазалықты бойына сіңірген неміс әйелінің ұқыптылығы аңғарылады. Бір бөлмеге жерге төсек салып, қалың жапқыштармен көрпеше алып отырамын, – деп алғашқы америкалық қазақ қостасқан еді, – деп жазады мақала авторы.

– Мен үш күннен бері әйеліме қазақтың салт-дәстүрін, жерге

төсек салып, дастарқан жаюды, шай демдеп құюды, ет асып, камырдан нан жайып салуды үйреттім. Ол аспаз ғой, бәрін меңгеріп алды. Ет асылып жатыр, асықпай әңгімелесейік, – деді.

Мен уақыттың шектеулі екенін ескертіп, өзі туралы айтуын өтіндім.

– Мен Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданына қарасты елді мекенде туып-өстім. Жеті жылдық білім алдым, колхозда еңбек еттім. Соғыс басталғанда әскерге алындым. Смоленск түбінде жараланып, қоршауда қалып, тұтқынға түстім. Түрлі концлагерьлерде болып, көретін жарығым бар екен, аман қалдым. Бізді америкалық солдаттар концлагерьден босатты. Ал қалған жағдайда мына қырғыз айтқандай, күн кешіп, дәм-тұз бұйырып, осы елге келдік.

Әрине, алғашқы жылдары діні, тілі, әдет-ғұрпы бөлек елге үйрену оңай болған жоқ. Ақнәсілді әйелге үйлендім, бұл жақта нәсілдік талғам да ерекше, оның өз артықшылығы болады. Екі қыз, бір ұлым бар. Олар ержетті, шамаларынша білім алды, үлкен қызым тұрмыста, балам үйленген, бөлек тұрады. Мына кенже қызым сауда колледжіннің соңғы курсына оқиды, – деп сүйкімді қазақтың қара көзді, сұлу өңді қарындасымызды мақтауын келтіріп, бізге таныстырды.

Әйелімен де таныстық, ол да соғыстың соңғы жылдары америкаға ауған неміс отбасынан шыққан екен. Тағдыр екеуін сол жақта табыстырыпты. Жерлесім бұрынғыдай емес, шешіліп әңгімесін айтып отырды. Байқаймын, өз өміріне риза сияқты. Аудармашы да, қырғыз да, біздің әңгіме-мізді тыңдаумен отыр.

Шай ішілді, табаққа салынып ет те келді, ет туралып, қырғыз үшеуіміз ортаға алдық, неміс әйелді қасымызға шақырып отырғызып, әзіл-қалжыңмен ауқаттандық. Жерлесім қоштасарда қазақтың әндерін айтуды өтілді. Мен де елден тыс жүрген қарындасымнан білгенімді аяған жоқпын. Оның көңілі босап, көзіне жас алды. Менің айтқан өлеңдерімді ұнтаспаға жазып алды. «Елімді сағынғанда осы әндерді тыңдап, мауқымы басам ғой» деумен болды.

– Қазақстанда қалай, мынадай электр шамы біздің колхозда орнады ма екен? Теледидар, мынадай ұнтаспаларды жазу, электр тауарларын пайдалануға халықтың қолы жетті ме? – деп сауал қойды.

Мен Қазақстанның түгелдей электр жарығымен қамтамасыз етілгенін, оны тұтынуға халықтың қолы жеткенін, Қазақстанның соғыстың алдыңғы жылдарымен салыстырғанда өсіп-өркендегенін тіл жеткенше дәлелдеумен болдым.

– Ойпыр-ай, біздің колхозда электр жарығы қалай жетеді екен? – деп менің сөзіме орта америкалықтарша сенімсіздік білдіргендей болды.

– Менің азан шақырып қойған атым Мұратбек, әкем мұратына жетсін деген болуы керек, ал менің мұратым осылай болды. Мені бұл жақта «Мора» дейді, Хасан деген жерлесім бар, ол зауытта жұмысшы, әйелі америкалық, оны Хосса дейді, ол сенің біздің үйіге қонаққа келетінін білетін, бірге бола алмады, түнгі ауысымда жұмыста болды. Үйіне шақырады, – деді.

– Менен Хоссаға сәлем айт, уақыт тығыз, елге қайтатын уақыт болып қалды, – дедім.

– Мен бүгін нағыз қазақ екенімді сезініп, қуанып отырмын. Елден кеткеніме отыз жылдан асқанда «нағыз қазақты көріп» көп жағдайлардан хабардар болып, өз тілімде еркін тілдестім. Бұл – Америка, Нью-Йорк – алып шаһар, күнде тосын оқиғалар, бүгін бар адам ертен жоқ. Әсіресе біз сияқты Отаны жоқтарға қауіпті, қорқынышты. Еліме, кіндік қаным тамған жеріме сәлем айтарсыз. Елім есіме түскенде өзін қалдырып кеткен әндерімді тыңдап, өзіндік еске алып отырамын, – деп алғашқы америкалық қазақ қостасқан еді, – деп жазады мақала авторы.

Рысбай КӘРІМОВ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі

Тағзым



ТАЗАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Кесе-көлденең келетін апатты алдын ала болжау мүмкін емес. Осыдан жеті жыл бұрын кент маңында Ми-8 тікұшағы апатқа ұшырап, өртенді. Ақтау қаласынан Шымкент бағытына ұшқан төрт тікұшақтың бірі орта жолда құлады. Өкінішке орай тікұшақ бортындағы 13 әскери қызметші түгелдей қаза тапты. Аталған оқиға уақыт өтсе де ел жадынан өшкен жоқ. Қаза болған әскери қызметшілерді еске алу – маңызды азаматтық парыз. Осы бағытта «Өркен-әлем» ЖШС ұжымы жыл сайын апат болған аумақта тазалық жұмыстарын ұйымдастырып, қаза тапқан азаматтардың рухына тағзым етіп келеді. Бұл іс-шаралар қоғамда патриоттық құндылықтарды нығайтып, ерлікке тағзым ету мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Иә, кейде қарбалас жер бетін былай қойғанда, тып-тыныш көрінетін аспан әлемі де тағдырды сынайтын сәттерге толы болады. Аудан аумағында болған апатта тікұшақта ұшқыш та, сарбаздар да қаза тапқан еді. Бүгінде сол бір қасіретті күннің ізі қалған мекенде аспан тыныш. Дария бойы да үнісіз. Тек аңда-саңда екен жездің жауды үні ғана естіледі. Жерістеріміз бұл орынды ешқашан ұмытқан емес. Жыл сайын осында жиналып, тазалық жұмыстарын жүргізіп, құран бағыштайды. Капыда жан тапсырған батырлардың

рухына тағзым етіп, олардың есімін жүректе жаңғыртып келеді.

– Біз үшін бұл жер жай ғана апат болған орын емес. Бұл мекенге келген сайын көңіл біртүрлі босап қалады. Әр келген сайын айналасын тазалап, дұға оқимыз. Жол бойы өткен көліктерге жеті күлше таратамыз. Бұл – біздің қолдан келетін аз ғана құрметіміз. Ұжымның осындай игі бастамалары тұрақты түрде қолдап жүргені бізді қуантады. Жастар да осыны көріп өссе, елін сүйетін, өткенін құрметтейтін ұрпақ қалыптасады деп сенемін. Елін ойлайтын, өткенін құрметтейтін жандар барда, ерлік ешқашан ұмытылмайды, – дейді тігінші Алтынай Шынтақсызы.

Осыдан он жыл бұрын «Серпін» индустриалды аймақта жұмысын бастаған «Өркен Әлем» ЖШС ұжымы тек өндірісте ғана емес, адамгершілік пен жанашырлықта да алдыңғы қатардан көрініп келеді. Әскери салаға қажетті киімдерді даярлайтын бұл кәсіпорын елге деген шынайы жанашырлық пен рухани жауапкершілікті айқындаған. Бүгінде Отан үшін жанын қиған ерлердің ерлігін мәңгі дәріптеп келеді. Бұл нысан жай ғана өндіріс емес, бұл – Отан алдында адал қызмет, ел қорғанын күшейтуге бағытталған қасиетті міндетті арқалаған шаңырақ.

Акция

«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП»: НАҚТЫ ІСТЕР ЖАЛҒАСУДА

Жалағаш ауданында «Заң мен тәртіп үшін биігінен 100 қайырымды қадам» акциясы аясында жүзге асырылып жатқан игі істер өз жалғасын табуда. Бұл бастама тек атаулы шара емес, қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуды мақсат еткен, нақты нәтижеге бағытталған маңызды қадамның бірі ретінде көрініс табуда. Аудандық прокуратураның бастамасымен қолға алынған бұл жұмыстар аудан әкімдігі мен жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен жүйелі түрде жүзеге асып келеді. Демеушілік негізде ұйымдастырылған әрбір іс-шара аудан тұрғындарының ал-ауқатын арттыруға, қауіпсіз орта қалыптастыруға бағытталған.



мен тұрғындарға жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыруды деуге негіз бар.

Бүгінде Жалағаш кентіндегі 45 көшеде жарықтандыру жүйесі жұмыс істейді. Өткен жылы М.Шоменов, І.Қабылов, С.Қалыбаев көшелеріне демеушілік қолдауымен түнгі жарықтамалар орнатылды. Сонымен қатар Ұлы Женістің 50 жылдығы, Н.Мырзаліев, Н.Әлмұхамбетов және А.Иманов көшелеріндегі ескі шамдар жаңартылып, заманауи энергия үнемдейтін LED шамдарға ауыстырылды. Бұл жолғы жұмыс та жергілікті халықтың жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында жүзеге асырылып отыр.

– Аудан тұрғындары тарапынан көтерілген ұсыныстар мен пікірлер ескерусіз қалмай, олардың сұранысына сай нақты бағыт айқындалды. Сол бағыттың негізінде жүйелі жоспар құрылып, көшелерге жарық шамдары орнатылды. Әрбір атқарылған жұмыс тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған, – дейді «Басс Сервис» ЖШС-ның мамандандырылған электр маманы.

Жалпы атқарылып жатқан бұл шаралар – тек бір реттік жұмыстар емес, ауданның тұрақты дамуына, қоғамдық тәртіптің нығаюына және құқықбұзушылықтардың алдын алуға бағытталған жүйелі бастамалар. Осындай игі істер арқылы қоғамда сенім мен жауапкершілік артып, әрбір тұрғынның қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруіне жағдай жасалары анық. Түйіндей айтсақ, бұл – елге деген жанашырлықтың, ағайынға деген қамқорлықтың белгісі. «Ауылына қарап, азаматын танып» дегендей, Жалағаш жұртының бірлігі мен тірлігі осындай игі істерден көрініп отыр. Көп болып көтерген жұктан жеңіл болатыны рас, сондықтан мұндай бастамалар алдағы уақытта жарқын болашаққа бастайтын сөзсіз.

Гүлжан ЕСЖАН

Кеңес



ФУТБОЛДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Жақында футбол спортының дамуы мәселелерін жан-жақты талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, облыстық футбол федерациясының президенті Болат Көшербаев пен федерациясының атқарушы директоры Жақсылық Оспанов және сала мамандары қатысты.

Кездесуде аудандағы футбол спортының қазіргі жай-күйі мен оны дамыту бағыты қарастырылды. Жиында аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Жайдарбай Есенов баяндама жасап, аудандағы футбол инфрақұрылымы, балалар мен жасөспірімдер арасындағы футболды дамыту, спорттық жарыстарды ұйымдастыру және бұқаралық спортты дамыту бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

Қазіргі таңда кентке қарасты барлық ауылда жасыл төсенішті футбол алаңы салынып, ел игілігіне пайдалануға берілді. Ауылдық округтегі спорт

нұсқаушылар жергілікті тұрғынның тұрақты спортпен айналысуын қамтамасыз етіп келеді. Кенттегі орталық стадион 1998 жылы салынып, 2010 жылы күрделі жөндеуден өткен. Аудан спортының дамытуға жағдай жасау мақсатында орталық стадионға былтыр аудан қазынасынан 43,6 млн теңге қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ғимарат сырты жаңартылып, көрерменге арналған 1500 орындық қайта орнатылды, – дейді дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімінің басшысы Жайдарбай Есенов.

Мұнан бөлек орталық стадионға жасыл алаң төсеу мақсатында аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың бастамасымен Қазақстан Футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, орталық стадионның жасыл алаңы УЕФА-ның «Алап» жобасы негізінде сыртқы қаржы көздері есебінен 180 млн теңгеге қайта жаңартылып, аудан тұрғындарының спортпен шұғылдануына, футбол жаттығуларының жасауға мүмкіндік жасалды. Сондай-ақ кент орталығында 2021 жылды «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында денешынықтыру-сауықтыру кешенінің

құрылысы басталып, осы ғимарат былтыр наурыз айында ел игілігіне табысталды.

Қазіргі таңда «Балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубы» КММ ашылды. Мұнда баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, қазақ күресі үйірмелері өз жұмысын бастады. Бұдан бөлек былтыр Аққыр ауылдық округінде «Қазақстан халқы» қоры есебінен ангар типтес спорт залы пайдалануға берілді.

Айта кетейік, былтыр қаңтар-сәуір айы аралығында шағын футболдан тұңғыш рет аудан әкімі лигасы өткізілді. Оған 10 команда, 200-ге жуық спортшы қатысты. Мұнан бөлек 10 аудандық футбол жарысы мен барлық ауылдық округте тұрақты түрде футбол жарысты ұйымдастырылды. Былтыр аудан жастарынан құралған футбол командасы талай дүбірлі додада топ жарды. Мәселен, «Алтын күз – 2025» және «Ақбидай» облыстық іріктеу жарысында жүлделі II орын иеленді. Сондай-ақ Қызылорда қаласында облыстық әуесқой футболшылар арасында өткен супер лигада қарсылас шақ келтірмей, жүлделі I орынды жеңіп алды. Мұнан бөлек Сырдария ауданында Шыңғыс Сейтқалиевті еске алуға арналған турнирде жалағаштық аяқдоп шеберлері II орын иеленді. Жалпы аяқдоп шеберлері оқу-жаттығу жиындарына, біріншіліктер мен турнирлерге қатысып келеді.

Дөңгелек үстел барысында ауылдық жерлерде футбол спортының дамытуда облыстық футбол федерациясының рөлі ерекше екені атап өтілді.

Федерация саланың негізгі үйлестіруші әрі бағыт беруші құрылымы ретінде өңірдегі футболдың дамуына ықпал етіп келеді.

Ұлттық спорт түрі мен бұқаралық спортты дамыту, ауылдық жерде салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың маңызын арттыру мақсатында өткізілетін облыстық «Алтын күз – 2026» спартакиадасы биыл Жалағаш ауданында өткізілмек. Спорттың 16 түрін қамтитын дүбірлі додаға аудан спортшылары тыңғылықты дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Талай белесті бағындырған ауданның сайыпқыран спортшылары облыстық «Халықтар ойыны» мен «Ұлттық фестивальде» де аудан командасы тартысты ойын өрнегін көрсетпек. Тағы бір айта кететін жайт, маусым мен тамыз айы аралығында футболдан ауыл спортшыларының арасында облыс біріншілігі өткізіледі. Оған 2010-2012 жылы туған жасөспірімдер қатыспақ. Аталған жарыс үш кезеңнен тұрады. I кезең ауылдық, II кезең аудандық, аяқтық кезең Қызылорда қаласында өтеді деп жоспарлануда.

Жиын қорытындысында футбол спортының дамыту бағытындағы бірқатар ұсыныс айтылып, алдағы уақытта осы саладағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі атап өтілді.

Бәрекеді!

ШАҒЫН ЗАЛДА ШЫНДАЛҒАН



Жасөспірімдер арасында ұлттық спортты насихаттап, жастарды салауатты өмір салтына баулу мақсатында Алматы облысында қазақ күресінен 2013-2016 жылы туған жасөспірімдер арасында республикалық ашық турнир өтті. Аталған жарыс қазақтың қаһарман қолбасшысы Қаракерей Қабанбай батыр жұлдесіне арналған. Еліміздің ең үздік палуандары бозкілемде белдескен спорттық шараға ауданнан Мансұр Марсбек қатысып, қоржынға күміс салды.

Айта кетейік, жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен кіл мықтылар жиналып, 37 команда өзара мықтыны анықтады. Қызылорда облысынан 2 команда барған, оның біреуі – аудан құрамасы. Өр командада 5 спортшыдан өнер көрсеткен. Өкініштісі, командалық есеп бойынша жерлестеріміз жұлдесіз қайтты. Ал жекейелі сайыста Мансұр Марданұлы күміс жұлдеге қол жеткізді.

Белі мен білегі мықты жас өрен – мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргенов ауылының тұрғыны. Спорттық шежіресін №14 аудандық балалар жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты ауылдағы шағын залдың 2-сыныбынан бастаған. Талай спортшыны шыңдаған қарашаңыраққа ол өз қызығушылығымен келіп, күрес әліппесін жетекшісі Ернар Кішкенбайдан үйренген. Жас болса да, аудандық, облыстық, республикалық турнирлерде топ жарып жүрген ол – қазақ күресінен ҚР спорт шеберіне үміткер.

– Ес білгеннен спортқа жақынмын. Үздіксіз дайындық жасап, алдыма нақты мақсат қойдым. Ең үлкен арманым – Өлем чемпионы болып, еліміздің көк туын биікте жергірету. Кешегі жарыста жеңіске бір табан жақын болдым. Бір күнде бес спортшымен белдестім. Оның төртеуін жеңіп, соңғы Алматы облысынан келген спортшыдан өкінішке орай жеңіліс таптым. Жеңісті қолдан жіберіп алуыма кішкене шаршап қалуым мен салмағымның аздығы сеп болды деп ойлаймын. Себебі жарысқа 42 келіден 38 келіге дейін салмақ тастап бардым, – дейді жас спортшы Мансұр Марданұлы.

Мұнан бөлек аудан мақтаншы облыстың аға жаттықтырушысы Болат Ержановты еске алуға арналған 2013-2014 жылы туған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен өткен облыстық турнирде үздік үштікті түйіндеген. Сондай-ақ кәсіпкер, білім, спорт, өнер жанашыры, мекенат Бақытбек Бердібекұлын еске алуға арналған ашық турнирде жауырыны жерге тимей, жеңіс төрін көрінген. Сонымен қатар аудандық ашық біріншіліктермен облыстық сайыстарда да жеңіс жолын жалғауда. Тізе берсек, Мансұрдың байрақты бәсекеде жеткен жетістігі жетерлік. Бұны оның тыңғылықты, үздіксіз дайындығы мен тынымсыз еңбегінің жемісі деп бағалайды.

– Мансұр – мектебіміздегі болашағын зор үміт күттіретін спортшының бірі. Ол осы уақытқа дейін өзінің мықтылығын бірнеше рет дәлелдеді. Намысшыл, алға қойған мақсатына жетпей тынбайтын озат шәкіртіміздің бірі. Өзіңіз білетіндей, спортшыға ең алдымен тәзім мен шыдамдылық қажет. Спортшы жолында кездескен қиындықтарға төтеп беру үшін мықты болу керек. Сондай-ақ тәжірибе мен шеберлік керек. Мансұр қазақ күресінің әдіс-тәсілін жіті меңгеріп, түрлі тәсілдерді тиімді қолдануының арқасында көптеген жарыстан жүлдемен оралды. Алдағы уақытта да жеңіс тұғырынан көрініп, аудан абыройын асқақтата берей деп сенеміз. Оны алдағы уақытта Қазақстан Республикасының чемпионатына іріктеу кезеңдері мен республикалық турнирлер күтіп тұр. Мансұр бұл чемпионаттарда топ жару үшін аянып қалмайды деп ойлаймын, – дейді жаттықтырушысы Ернар Кішкенбай.

Айта кетейік, аядай ғана ауылда спортпен айналысамын дейтін кішкентай бүлдіршіндердің қатары көп, яғни қазіргі таңда ауылдағы шағын залда 57 бала спортпен айналысуда. Жаттықтырушының айтуынша, ауылда жыл сайын Мансұрға қарап бой түзеп, қазақ күресіне ден қойған жастардың қатары артып келеді. Жас болса да артынан ерген інілерін спортқа баулып жүрген Мансұр залға тек шынығуға ғана емес, әр жарыс жолында қарсыластарынан көрген әдіс-тәсілі арқылы жиган тәжірибесімен бөлісуге келеді.

Қазіргі таңда ауылдағы алтын ұяда 8-сынып оқитын спортшымыз болашақ мамандығын да спорт саласымен байланыстырған. Бозкілемде белдесетін Мансұрдың алға қойған жоспары көп. Соның бірі – өзінің жаттықтырушысы секілді білек пен біліктілікті бір арнаға тоғыстырып, артынан ерген ауылдың қара домалақтары арасынан чемпиондар тәрбиелеп шығару.

Кез келген спортшының бойында қандай да бір жетістікке жету үшін сол спортқа деген құлшыныс пен талпыныс, алға қойған нақты мақсат болуы керек. Осы қасиеттерді қатарластарының арасында өз табандылығымен, еңбекқорлығымен ерекшеленген кейіпкеріміздің бойынан екеуара диалог барысында аңғарып үлгердік. Көзінен жеңіске деген құлшынысты көрген біз оның алдағы уақытта әлі талай додаларда топ жарып, ел намысын қорғайтынына сенім білдірдік.

Мерей

ЖАЛАҒАШТЫҚ ПАЛУАНДАР ЖЕҢІС ТӨРІНДЕ

Түркістан қаласындағы «Olympic center» спорт кешенінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының қолдауымен қазақ күресінен өресектер арасында Қазақстан кубогы өтті. Ел біріншілігіне Қазақстанның барлық өңірінен жиналған 369 палуан қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған дүбірлі додаға ауданнан 7 спортшы қатысып, аймақ абыройын асқақтатты.

Жарыстың ашылу салтанатына Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, «Qazaq Kuresi» қауымдастығының бас директоры Мейіржан Берекетов және республикалық ұлттық және ат спорты түрлері орталығының директоры Қайрат Пазылбеков қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. Облыс әкімінің орынбасары ұлттық спорттың дамуына серпін беретін осындай жарыстардың маңызына тоқталды.

– Еліміздің ең мықты палуандары Түркістан төрінде бас қосып отыр. Бұған дейін Түркістан қаласында қазақ күресінен «Туған Бағусу», «Өлем кубогы», «Азия Кубогы» сияқты ірі халықаралық турнирлер өтті. Бұл Түркістан үшін қазақ күресінің орны айрықша екенін көрсетеді. Қазіргі таңда облыстағы 30 спорт ұйымында қазақ күресі бөлімшелері жұмыс істейді. Атап айтсақ, 6 облыстық, 24 аудандық және қалалық. Аталған мемелерде 140 білікті бапкер 3 мыңнан аса спортшыны даярлауда. Сонымен қатар өлемнің 40-тан астам мемлекетінде Қазақ күресі федерациясы жемісті қызмет атқарып, бұл спорт түрін әлемге танытуда. Қазақ күресі майталмандарының Түркістанда бас қосқаны – біз үшін үлкен қуаныш, – деді Ертай Кенжебекулы.

Айтулы дода – тек үздік палуандарды іріктейтін алаң ғана емес, қазақ күресінің мәртебесін арттырып, жас спортшыларға жігер сыйлайтын маңызды жарыс. Турнирдің басты мақсаты – спортшылар арасындағы достықты нығайту және ұлттық мұрамызды кеңінен насихаттау. Кубок жеңімпаздары алдағы өлем кубогына іріктеліп, халықаралық додада ел намысын қорғамақ.

Жарыс бағдарламасына сәйкес, ерлер арасында 55, 60, 66, 74, 82, 90, 100 және +100 келі, сондай-ақ түйепалуан салмақ дәрежелері бойынша жүлдегерлер анықталды. Ал әйелдер арасында 48, 52, 56, 60, 65, 70, 77 және +77 келі салмақ дәрежесінде белдесулер өтті. Бұдан бөлек турнир аясында аралас командалық сайыс ұйымдастырылды. Олардың қатарында Жалағаш ауданынан қатысқан 7 спортшы бар. Атап айтсақ, Жақсылық Жеңісбек, Әділбек Берікұлы, Шыңғысхан



Әбілхасенұлы, Ақылбек Серік, Теміржан Руслан, Әсел Бисенбай, Арайлым Ханзада. Жерлестеріміз ең алдымен орапдық спортшылармен белдескен. Одан кейін Абай облысы және Қостанайдан келген кіл мықтылармен сынға түскен. Бозкілемде жауырыны жерге тимеген жерлестер ақтық кезеңде Шымкенттен келген спортшылармен кездесіп, қарсыластарынан жеңісті жұлпып алған.

Жекейелі сайыста Жақсылық Жеңісбек 66 кг салмақ дәрежесінде бозкілемде белдескен бес спортшыны да жеңіп, қазақ күресінен Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындады.

– Осы қазақ күресінде жүргеніме 20 жыл болды. Қаншама қиыншылық пен тыңғылықты үздіксіз дайындықтың бүгінде жемісін көрудемін. Жеткен жеңісім бір айлық немесе бір жылдық дайындықтың жемісі емес. Өздеріңіз білетіндей, мойныма таққан

алқада қаншама ерік-жігер мен ерен еңбек бар. Бүгінгі жарыс өте жоғары деңгейде өтті. Қарсыластырым осал емес. Өйтсе де маған артылған үміт пен сенімнің арқасында жеңіске жеттім, – дейді Жақсылық Жеңісбек.

Оқушы кезінде бастап аудандағы балалар және жасөспірімдер спорт мектебіндегі дзюдо үйірмесіне қатысқан Жақсылық аталған спорттың қыр-сырын толық меңгерген. Жеңісте де, жеңілісте де шыңдала түскен ол республикалық, халықаралық жарыстарда бірнеше рет өз мықтылығымен жеңіс тұғырынан көрініп келеді. Ол – дзюдодан ҚР 5 дүркін чемпионы, жастар арасындағы Азия чемпионы, ҚР спорт шебері, Еуропа кубогының 6 дүркін, Азия кубогының 2 дүркін чемпионы. Өлем чемпионатының қола жүлдегері. Бүгінгі Қазақстан кубогында алтын алқа таққан ол алдағы уақытта өтетін Өлем кубогында ел намысын қорғайтын болады.

Ал Әділбек Берікұлы қарсыластарымен 66 кг салмақ дәрежесінде белдесіп, қола жүлдеге ие болды. Ол – дзюдодан өресектер арасында Қазақстан Республикасының чемпионы. Түрлі халықаралық турнирлердің жүлдегері, және дзюдодан спорт шебері.

Мұнан бөлек нәзікжан балуан Әсел Бисенбай 78 кг салмақ дәрежесінде күресіп, қоржынға қола салды. Ол – бүгінде самбо, дзюдо күресінен ҚР спорт шебері. Азия чемпионы, ҚР чемпионаттарының жеңімпазы, түрлі халықаралық доданың жүлдегері.

Шыңғысхан Әбілхасенұлы жекейелі сайыста 3 спортшыны жеңіп, өкінішке орай бір спортшыдан жеңіліс тапқан. Ал командалық жарыста ол қарсылас шақ келтірмей жеңіске жеткенін айтады. Алайда ақтық кезеңде Шыңғысханның салмағына сай спортшы болмағандықтан, оның орнына басқа спортшы қатысуға тура келген.

Айта кетейік, Шыңғысхан – бүгінде қазақ күресінен спорт шебері. Дзюдо күресінен VI-шы университетте ойнағандарының қола жүлдегері. Белбеу күресінен 23 жасқа дейінгі ҚР чемпионатының және қазақ күресінен ҚР кубогының күміс жүлдегері.

Осылайша 4 күн бойы кіл мықтылар белдескен дүбірлі дода Сыр елінің сайыпқыран спортшыларының жеңісімен қорытындыланды. Палуандар тартысты додада қоржынға 12 алтын, 2 қола салды. Сондай-ақ аралас командалық жарыста палуандарымыз қарсыластарын 4:2 есебімен ұтып, алтын иеленді. Жарыс соңында спортшыларға медаль мен кубок табыстырылып, Өлем кубогында ел намысын қорғайтын қатысушыларға үлкен сенім артылды.

Бетті дайындаған Сөзім НҰР

<p>Меншік иесі:</p> <p>СЫР МЕДИА</p> <p>жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	<p>Бас директор Марат АРАЛБАЕВ</p> <p>Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы</p> <p>Бас редактор Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ</p>	<p>Телефондар: Бас директор - 8(7242) 70-00-36 Бас редактор - 32-0-41 Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75</p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген. “Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.</p> <p><i>Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.</i> Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.</p>	<p>Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p> <p>Таралымы 2983 Тапсырыс №519</p>
--	--	--	--	--